bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718**
2020

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Қазақтың бас ақыны.М.Әуезов «Бала Абай»

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 12.05.2020 | https://bilimger.kz/73849/ |

---

| | |
|---|---|
| **Пәні:** Әдебиеттік оқу<br>**Күні:** 20.02.2020ж.<br>**Сынып:** 3 «Г» | **Мектеп:№ 10ЖББОМ**<br>**Мұғалімнің аты-жөні:** Қалыбаева Г.Қ.<br>**Қатысқандар саны:23** **Қатыспағандар саны:** 0 |
| **Сабақ тақырыбы** | **Қазақтың бас ақыны.**М.Әуезов «Бала Абай» |
| **Оқу мақсаттары** | 3.2.2.1 – қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық:** мәтінді түсініп оқиды, мазмұнын түсінеді.<br>**Көптеген оқушылар:** мәтін мазмұны бойынша ашық сұрақтар құрастырады, мәтін мазмұнын айтуда сурет нұсқасын қолданады;<br>**Кейбір оқушылар:** бағалауға, шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды және жауап береді, мәтінге сүйеніп диалог құрастырады. |
| **Бағалау критерийлері** | ü мәтін мазмұнын айта алады;<br>ü мәтінді қатесіз,түсініп оқиды;<br>ü мәтінге сүйеніп диалог құрастырады;<br>ü мәтін бойынша сұрақтар қояды;<br>ü мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>ü суреттерді қолданып, мазмұндайды; |
| **Тірек сөздер** | **Оқушылар:**<br>Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтар қояды, жауап береді. Мәтінге сүйеніп диалог құрастырады.<br>**Пәнге қатысты лексика мен терминология:**<br>Бала Абай, Ынтыға тыңдайтын, әңгімешіл екен<br>**Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы:**<br>Абай ертегі, аңыз, әңгіме, қиссаларды тыңдап өсті, себебі … |
| **Құндылықтарды дарыту** | Өз ұлтын, халқын құрметтеу және мақтаныш сезімін қалыптастыру; |
| **Пәнаралық байланыстар** | «Әдебиеттік оқу», «Дүниетану», «Музыка», пәндерінен «Атақты тұлғалар» бөлімін өтіп жатыр |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта |
| **Алдыңғы білімді игерулері** | Оқушылар атақты тұлғалар туралы біледі. Бар білімді белсенді ету оқушылар суреттерді пайдаланып, оларды салыстыратын топтық жұмыс арқылы жүзеге асырылады. |
| **Сабақ барысы** | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>Сабақтың басы<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 мин</td>
<td>Психологиялық дайындық<br>Қайырлы таң достым!<br>Қайырлы күн болсын!<br>Жеті күннің әр күні<br>Сәттілікке толсын!<br>Біздің алар бағамыз,<br>Кілең бестік болсын!<br>Суреттерге қарап ,топ атын құрастыру.<br>Топтасу<br>1-топ. «Ғалым» 2-топ. «Батыр»  3-топ. «Ағартушы»4-топ. «Ақын»<br>*топ атауын қорғау.<br>*топ басшысын сайлау<br>*топ ережесін еске түсіру<br><br>Бәрі бірге: Болашақтың жарқыраған жұлдыздары<br>— Біз боламыз!<br>1-ші тапсырма: «Жұлдыздар аллеясы» әдісі<br>Үй тапсырмасын сұрау<br>№10 мектеп макеті.20 ақпан -7жыл!<br>Нұсқаулық: «Жұлдыздар аллеясы» әдісі арқылы үй тапсырмасы Ғафу Қайырбековтің «Алғашқы қоңырау» өлеңін топ бойынша сұрау.<br>Дескриптор:<br>— Өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>— Өлең мазмұнын түсінеді.<br>— Автор туралы мағлұмат айтады.<br>1-топ. . «Ғалым»тобы 1-шумақ<br>2-топ. «Батыр» тобы 2-шумақ<br>3-топ. «Ағартушы» тобы 3-шумақ<br>4-топ «Ақын»тобы  Ыбырай Алтынсарин туралы мәлімет<br>Өткенді пысықтау.<br>1. Қандай ойшыл,ғұламамен таныстық? (Әбу Насыр әл-Фараби)<br>2. Әбу Насыр әл-Фараби қандай тілдерді білген?(араб,парсы,түркі)<br>3. Қазақ батырлары неліктен атқа қонды деп ойлайсың?<br>4. Үш жүздің басын құраған кім? (Абылай хан)<br>5. «Кел,балалар оқылық! өлеңін кім жазған? (Ыбырай Алтынсарин)<br>Осы тақырыптардың бәрін біз қандай ортақ тақырыптан өтіп жатырмыз? (Атақты тұлғалар)<br>Тыңдалым:   «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін аудиожазбадан тыңдау.<br>·         Өлеңді жазған кім? (Абай Құнанбаев)<br>Бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.<br>Олай болса, бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы<br>Қазақтың бас ақыны« Бала Абай » Авторы Мұхтар Әуезов<br>Мақсаты: Ұлы адамдардың өміріне қызығушылық, еліктеушілік,үлгі тұту, сұрақтар қою және жауап беру.<br>Қазақстанның президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы жарлыққа қол қойған болатын. Аталған құжатқа сәйкес, биылғы  жылы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы тойлануда.<br>— Абай кім?Абай туралы не білеміз?<br>Автор туралы мағлұмат .Мұхтар Әуезов — жазушы,ғалым. Мұхтар Әуезов (1897-1961— қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келген.<br>Абай Құнанбаев 1845 жылы бұрынғы Семей уезі, Шығыс облысында дүниеге келген.<br>Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты – Ибраһим) Құнанбаев. Одан асқан біз білетін ақын болған жоқ.<br>Сөздің шырайлы,ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек.<br>Ұнамды,орынды болуына шыншылдық керек.<br>Мағыналы,маңызды болуына білім керек.<br>Абайда осы үшеуі де болған. Ахмет Байтұрсынұлы<br>Зере – Абайдың әжесі. Ұлжан – анасы. Құнанбай – әкесі. Өлеңдері әртүрлі тақырыпқа арналған. 45 қара сөзі бар. Абай Құнанбайұлы мен Жамбыл Жабаев – замандас ақындар. Жиырма жеті әнінің отыз алты нұсқасы нотаға түсірілген.Ол – музыкант<br>Тыңдалым.imektep.kz/kz  порталы бейне баян қарау.<br>Ұжымдық жұмыс Нұсқаулық: «Білемін, үйрендім» әдісі бойынша А.Құнанбаев туралы  білімдерін ортаға салу.<br><br><table><tr><td>Бұрыннан білемін</td><td>Жаңа мәлімет</td></tr><tr><td>Зере – Абайдың әжесі. Ұлжан – анасы. Құнанбай – әкесі. Өлеңдері әртүрлі тақырыпқа  арналған. 45 қара сөзі бар.</td><td>Абай Құнанбайұлы мен Жамбыл Жабаев – замандас ақындар. Жиырма жеті әнінің отыз алты нұсқасы нотаға түсірілген. Ол — музыкант</td></tr></table></td>
<td>Ғалым ақын,батыр,ағартушы суреттері<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>«Қыс»<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>https://imektep.kz/kz</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br><br><br>**10 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>7 минут<br><br><br><br>5минут | **2-ші тапсырма:Оқылым.**<br>**Оқулықпен жұмыс.** М.Әуезовтің «Бала Абай» әңгімесі іштей оқылады**.**<br>*Дискриптор:*<br>-мәтінді қатесіз,түсініп оқиды;<br>*а)**Жазылым**:* **Сөздік жұмысы**<br>*Әуелде – алғашқыда ,Қажымай-шаршамай , Ынтыға- қызыға*<br>**3-ші тапсырма:**<br>**«Сиқырлы қалпақ»** әдісі бойынша сөзжұмбақты шешеді<br>**Сөзжұмбақ « Абай жолы».**<br>ü **Нұсқаулық:** мәтін<br>1. Мәтін қалай аталады? Бала…….<br>2.… Абайдың жасы он үшке толған еді.<br>3. Абайдың әжесі әңгімесін неден бастап еді?<br>4. Абай неден көп шықпайтын болды?<br>5. Абайға әңгімені кім көп айтушы еді?<br>6. Биыл әсіресе Абайдың…… өскен<br>7. Абайдың шешесінің есімі кім?<br>8. Абай әжесінің әңгімесін қалай тыңдайтын?<br>Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беріп, сөзжұмбақты шешеді.<br>**Дескриптор:**<br>ü -мәтін бойынша сұрақтар қояды;<br>ü -мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>ü **—**сұраққа жауап бере отырып,сөзжұмбақты шешеді<br>— Осы мәтіннен біз не түйдік?<br>— Олай болса, мәтінді оқу арқылы қандай жақсы қасиеттерді үйрендік? — Абай Құнанбаев кім?»<br>**—** Неліктен қазақ халқы Абайды «қазақтың бас ақыны» дейді?<br>**—** «Бала Абай» мәтіні не туралы? (Абайдың балалық шағы туралы)<br>ü **Бағалау: «Бас бармақ»**<br>**4-ші тапсырма:Айтылым:Суретке қарап,** Мәтінге сүйеніп, әжесі мен Абай арасында диалог құрастыру.<br>**Дескриптор:**<br>ü -мәтінге сүйеніп әжесі мен Абай арасында диалог құрастырады;<br>ü **Сергіту сәт**: «Көзімнің қарасы» әнін тыңдау<br>**5-ші тапсырма: Жазылым: ҚБ.Жұптық жұмыс.**<br>Абайдың шын аты, анасының,әжесінің ,әкесінің аттарын тауып жаз.<br>*Әжесінің аты – Зере Шешесінің аты- Ұлжан*<br>*Әкесінің аты- Құнанбай Абай- (шын аты – Ибраһим)*<br><br>**– Дескриптор:**<br>— Абайдың ,әкесінің атын тауып жаза алады.<br>— Абайдың аналарының атын тауып жаза алады.<br>-Абайдың шын атын тауып жаза алады.<br>**6-тапсырма:Нұсқаулық: «Суреттер сөйлейді» әдісі.**<br>**Суреттерге сүйеніп,жауаптар жаз.**<br>1 топ: М.Әуезов 2 топ:Дана Абай<br>3 топ: Бала Абай 4 топ:Абайдың әжесі.<br>**Дескриптор:** *сурет бойынша жауап жазады.<br>**(Б)** «Отшашу» әдісі арқылы бағалау<br>Ағашқа Дана Абай ,Бала Абай туралы мәлімет жазу. | Оқулықтың53 -бетіндегі сөзжұмбақ жазылған парақша, интербелсенді тақта<br><br>Оқулық 51 бет<br>Жазылым<br>Сөздік жұмыс<br><br><br><br>**ҚБ. Жұптық жұмыс**<br><br>«**Көзімнің қарасы»әні** |
| **Сабақтың соңы**<br>**3 минут** | **Кері байланыс «Бес саусақ» әдісі**<br>Балалар : **Абайды біз сүйеміз**<br>**Абайға бас иеміз!**<br>Бүгінгі сабағымызды Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына өлеңімен аяқтағым келеді.Асыл сөзді іздесең,<br>Абайды оқы, ерінбе.<br>Адамдықты көздесең,<br>Жаттап, тоқы көңілге.<br>Қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде артына өшпес із, өлмес өсиет қалдырып кетуді ақын сөзімен айтсақ:<br>Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,<br>Өлмейтұғын артына сөз қалдырған…Қасиетті қара сөздерден ғибрат алып қана қоймай, өмірлік нұсқау алдық. Қазақ сөзінің киесі қонған бұл қара сөздер кез келгенімізге өмірлік бағыт-бағдар, ақыл қосушы. Сондықтан, балалар, біз Абай атаны жадымызда ұстаймыз. | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| **Саралау**<br>*-Оқушыларға қосымша көмек көрсету үшін сабақтағы жұмыс түрлері мен әдіс-тәсілдерді оқушылардың жас ерекшелігіне сай жоспарладым.*<br>*-Сыныптағы қабілеті жоғары оқушыларға саралау тапсырманы күрделендіру үшін сурет мазмұнына диалог құрап айту тапсырмаларын беруді жоспарладым.* | **Бағалау**<br>*Барлық оқушылардың үйренгенін тексеруді бағалауда барлық тапсырмалардан кейін ауызша кері байланыс алынып, «Бармақпен», «Алақанмен», «Шапалақпен», тәсілдері, жеке дәптермен жұмыс барысында және қалыптастырушы бағалау тапсырмасын орындауда аралап тексеріп «Смайликпен» бағалау тәсілдері қолданылды.* | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| 1,2,3,4,5,6 тапсырма – «***Тапсырма бойынша саралау***» негізінде «Жұлдыздар аллеясы», «Сиқырлы қалпақ»әдістер арқылы тапсырмалары орындалады. Тапсырманы орындау барысында әр оқушының ойлау деңгейінің әртүрлі болатындығын ескере отырып, әр оқушыға өз мүмкіндігі бойынша қолдау беріледі.<br>***«Уақыт арқылы саралау»*** негізінде «Суреттер сөйлейді»әдісі арқылы тапсырма орындалады. Бұл тапсырма кезінде пікірлерді дәлелдеуде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға қолдау беріледі. | Өзін –өзі бағалау, мұғалімнің бағалауы, «Бағдаршам», «Шапалақ», «От шашу» әдісі<br>Дескриптор:<br>мәтін мазмұнын айта алады;<br>ü мәтінді қатесіз,түсініп оқиды;<br>ü мәтінге сүйеніп диалог құрастырады;<br>ü мәтін бойынша сұрақтар қояды;<br>ü мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді | Демалыс кезіндегі қауіпсіздікті сақтау, өз заттарына ұқыптылықпен қарау. |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.